



EGEMEN QAZAQSTAN

Түркі әлемінің ұлы ойшылы

Абай Құнанбайұлы – заманауи қазақ әдебиетінің негізін қалаушы ретінде қазақ мәдениеті үшін де, бүкіл түрік әлемі мәдениеті үшін де маңызды тұлға. Ол қазақ тіліне, жалпы руханиятына, сондай-ақ бүкіл түркі әлемінің әдебиеті мен мәдениетіне жаңашылдық пен байлық әкелді, қаламының күшімен әлемді таңғалдырды. Өлеңдерінде де, қара сөздерінде де қазақ мәдениеті мен түрік мәдениетін әр қырынан танытты.



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының
мерейтойы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абайдың 175 жылдығын атап өту туралы шешімі барша қазақ халқы мен түрік әлемін қуантып, жазушылар мен ақындардың көңілінен шыққаны белгілі.

Қазақ әдебиетінің жетекші өкілі ретінде ақын әрі ойшыл Абай Шығыс және Батыс классиктерімен жете таныс болған. Ол – шығыстан шыққан Науаи, Хафиз, Низами, Фузули сияқты ақындардың шығармаларынан нәр алып, орыс әдебиетінің алдыңғы қатарлы тұлғаларының еңбектерін оқып, сол арқылы батыс әдебиетін түсініп, оны еліне жеткізген ұлы тұлға.

Абай араб және парсы әдебиетімен де жақсы таныс. Осман әдебиетін де біледі. Өнегелі отбасы мен дәстүрлі мектепте білім алуы жетістігінің басты кілті. Көптеген шығармасында Шығыс пен Батысты, әсіресе поэзия мен риториканы жақсы үйлестірді. Ұлтының құндылықтарын бейнелеп, оларды әлемнің басқа мәдениеттері мен құндылықтарына салыстыруды мақсат етті. Оның еңбектері орыс тілі секілді шетел тілдеріне аударылған.

Абай он үш жасында әкесі Құнанбайдан әкімшілік пен басқару тәжірибесін үйреніп, әкімші және мемлекет қайраткері болуға қадам жасады. Халқының және қоғамның мәселелерін ерте аңғарды. Тіпті сол кезеңде де жұртшылыққа ұтымды, шынайы көзқарасы және әділдігімен танылды. Оның өлеңдерінде халықтың ұлттық және рухани құндылықтары, дүниетанымы, қоғамның проблемалары нақты көзқараспен жазылған.

Абай – ақын және ойшыл ғана емес, әдебиеттанушы да. Ол Қазақстанның тарихи кезеңдеріндегі қоғам мен әдебиет тақырыбында ғылыми зерттеулер жүргізген ғалым. Қара сөздері мен өлеңдерінде халықтың қателіктерін сынайтын сыншы философиялық идеяларын әділет пен әділетсіздік, адамгершілік, өнер, әдебиет, риторика және ғылыми салаларда ұсынатын қоғам инженері сияқты.

Абайдың ақылы, қоғамды ағарту, кеңес беруі тек қазақ халқы үшін жазылмаған. Ол бүкіл түрік әлеміне жол көрсететін тұлға десек артық айтқандық емес. Хакімнің тату түркі әлемін құру идеалдарын іске асыруымыз керек. Ол – бүкіл түрік әлемі мойындайтын, ұстанатын және түсінетін ұлы және білімді тұлға.

Түркі әлемінің тұтастығы тұрғысынан қарастырсақ, Абайды абыз және біріктіруші элемент, бағыт беруші десек қателеспейміз. Осы орайда, Абайдың идеалды тұлғасын түркі әлеміне одан әрі таныту маңызды мәселе саналады. Абай Құнанбайұлын Түркияда насихаттау мақсатында 2020 жылы Еуразия Жазушылар одағы түрлі іс-шара өткізуді жоспарлап отыр. Солардың бірі ретінде Абай туралы ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері жинақталған кітап шығармақпыз. Екі жыл бойы әзірленген бұл туындыға Түркиядағы ғалымдардың Абай туралы жазған түрлі мақаласымен қатар, Қазақстанда зерттелген тақырыптардың түрікше нұсқасы да еңбек.

Бұл жинақ Памуккале университетінің профессоры Нергис Бирайдың жетекшілігімен дайындалды.

Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған бұл ерекше кітаптың тұсаукесері түркі әлемі үшін маңызды қызмет атқаратын Халықаралық Түрік академиясы мен Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің ынтымақтастығы нәтижесінде оқырманға ұсынылмақ.

Ұлы Абайдың туғанына 175 жыл толуына орай Түркияның түрлі университеттерінде де таныстырылу рәсімі өтеді. Осылайша, Түркияның жастары Абайды етене тани түспек.

Сонымен қатар Түркі әлемінің бірлескен әдеби журналы Kardeş Kalemler Абайдың туғанына 175 жыл толуына орай арнайы нөмір дайындайды.

Түрік халқы Абай туралы біле отырып, ұлы ойшылды да, оны туған қазақ халқын да ерекше сүйеді және құрметтейді. Ұлы ойшыл және ақын Абайға Алланың ізгілігі болсын.

Якуп ӨМЕРОҒЛУ, Еуразия Жазушылар одағының басшысы арнайы
«Egemen Qazaqstan» үшін